

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қазандағы N 1365 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың ( лицензиарлардың ) тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жолдағы 3-баған "уды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану және жою" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық, экологиялық және тау-кен техникалық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімінде:

"Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген I бөлімі мынадай мазмұндағы 25 - тармақпен толықтырылсын:

"25. Уды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану ж ә н е ж о ю . " ;

"Экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын

жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген II бөлімі мынадай мазмұндағы 21-тармақпен толықтырылсын:

"21. Уды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану және жою.";

"Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген III бөлімі мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Уды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, сатып алу, сақтау, сату, пайдалану және жою."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.